**Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын кешенді әзірлеу жөніндегі 2011 - 2013 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 10 тамыздағы № 106-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын кешенді әзірлеу жөніндегі 2011 – 2013 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша):

1) Іс-шаралар жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейін Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 10 тамыздағы № 106-ө өкімімен бекітілген

## Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын кешенді әзірлеу жөніндегі 2011 – 2013 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

| Р / с № | Жұмыстар мен іс-шаралар атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушы | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1 . Дайындық кезеңі** | | | | |
| 1. Ұйымдастырушылық және институционалдық іс-шаралар | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Бас схеманың құрылымын әзірлеу және келісу | ҚТҮКШІА бұйрығы | ҚТҮКШІА | 2011 жылғы IV тоқсан |
| 2. | Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастыру мен пайдалануды кешенді бағалаудың бірыңғай тәсілдерін, өлшемдері мен әдістемесін әзірлеу және бекіту | ҚТҮКШІА бұйрығы | ҚТҮКШІА | 2011 жылғы IV тоқсан |
| 3. | Әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумақтарын экономикалық мамандандыру және оларды басымдықпен пайдалану түрлері бойынша жіктеудің бірыңғай әдіснамасын әзірлеу және бекіту | Бірлескен бұйрық | ҚТҮКШІА, ЭДСМ | 2011 жылғы IV тоқсан |
| 4. | Бас схеманың цифрлық картографиялық негізін қалыптастыру үшін цифрлық шартты белгілердің , салааралық терминологиялық базаның бірыңғай жіктеуішін жасау | ҚТҮКШІА бұйрығы | ҚТҮКШІА, АШМ, ККМ, БАМ, ЖРА | 2012 жылғы I тоқсан |
| 5. | Бірыңғай ведомствоаралық цифрлық шартты белгілер (жіктеуіш) жүйесін салааралық терминологиялық базаны, картографиялық негізді және мамандандырылған географиялық ақпараттық ортаның негізінде ведомствоаралық ақпараттық жүйені жасау | ҚТҮКШІА бұйрығы | ҚТҮКШІА, БАМ | 2013 жылғы II тоқсан |
| 6. | Бас схеманың ведомствоаралық ақпараттық жүйесін толтыру үшін мемлекеттік органдардың деректерді беру әдістемесін әзірлеу және бекіту | Бірлескен бұйрық | ҚТҮКШІА, БАМ | 2013 жылғы II тоқсан |
| 2. Қазақстан Республикасы аумағының қазіргі жай-күйін талдау және кешенді бағалау | | | | |
| 1. | Бастапқы деректерді жинау, халықты қоныстандырудың және елді мекендер дамуының қазіргі жай-күйін талдау және бағалау | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, АШМ, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері | 2011 жылғы IV тоқсан |
| 2. | Бастапқы ақпаратты жинау, экономика салаларының өндіргіш күштерін дамытудың ресурстық әлеуетті және қазіргі жай-күйін талдау және бағалау | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, АШМ, ИЖТМ, МГМ, ТСМ, ККМ, Еңбекмині, Қоршағанортамині, БАМ, БҒМ, ЖРА, СА, ҰҒА, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері, «Атамекен» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2011 жылғы IV тоқсан |
| 3. | Бастапқы деректерді жинау, елді мекендердің экономикалық дамуының қазіргі жай-күйін талдау және бағалау | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, АШМ, «Атамекен» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2011 жылғы IV тоқсан |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4. | Бастапқы деректерді жинау, елді мекендердің мәдени-тұрмыстық және әлеуметтік даму деңгейінің қазіргі жай-күйін талдау және бағалау | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, АШМ, ММ, ДСМ, БҒМ, Еңбекмині, ЭДСМ, СА, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері, «Атамекен» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2011 жылғы IV тоқсан |
| 5. | Бастапқы деректерді жинау, Қазақстан Республикасы аумағының экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйін талдау және бағалау | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, Қоршағанортамині, ДСМ, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері | 2011 жылғы IV тоқсан |
| 6. | Бастапқы деректерді жинау, Қазақстан Республикасы аумағының инженерлік, туристік және көлік-коммуникациялық инфрақұрылымының қазіргі жай-күйін талдау және бағалау | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, ККМ, БАМ, ТЖМ, МГМ, ТСМ, ҰҒА, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері | 2011 жылғы IV тоқсан |
| 7. | Бастапқы деректерді жинау, Қазақстан Республикасының шекара маңы аумақтарының экономикалық және ресурстық әлеуетін талдау және бағалау | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, ИЖТМ, СІМ, облыстардың әкімдері, ҚСЗИ (келісім бойынша), ЭЗИ (келісім бойынша), «Атамекен» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2011 жылғы IV тоқсан |
| 8. | Қазақстан Республикасының аумағын талдау және бағалау, аумақты ұйымдастыруға және тиімді пайдалануға әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды анықтау | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, ИЖТМ, ККМ, АШМ, МГМ, БАМ, Қоршағанортамині, ММ, ІІМ, Қорғанысмині, СІМ, ҚСЗИ (келісім бойынша), ЭЗИ (келісім бойынша), «Атамекен» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2011 жылғы IV тоқсан |
| 9. | Бастапқы деректерді жинау, Қазақстан Республикасы аумағында халықты қоныстандыруға және өндіргіш күштерді орналастыруға шектес мемлекеттер | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, Қаржымині, СІМ, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері, ҚСЗИ ( | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | экономикаларының, Кеден одағы мен ЕурАзЭҚ-тің әсерін талдау және бағалау | | келісім бойынша), ЭЗИ (келісім бойынша), « Атамекен» ҚҰЭП ( келісім бойынша) | 2012 жылғы I тоқсан |
| 10. | Бастапқы деректерді жинау, Қазақстан Республикасының аумағын, оның ішінде оның географиялық, геосаяси және геоэкономикалық жағдайын талдау және кешенді бағалау | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, Қорғанысмині, СІМ, облыстардың әкімдері, ҚСЗИ ( келісім бойынша), ЭЗИ (келісім бойынша) | 2012 жылғы I тоқсан |
| **2 . Жобалау кезеңі** | | | | |
| 1. Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың нұсқаларын әзірлеу | | | | |
| 1. | Қоныстандырудың қалыптасқан схемаларын дамыту мен жетілдіру нұсқаларын әзірлеу | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, Еңбекмині | 2012 жылғы IV тоқсан |
| 2. | Демографиялық жағдайды жақсарту және көші-қон үдерістерін реттеу бойынша нұсқалар мен ұсыныстар әзірлеу | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, Еңбекмині, ДСМ, ІІМ, СА | 2012 жылғы IV тоқсан |
| 3. | Өндіргіш күштерді перспективалық орналастыру , серпінді дамудың межелері мен аймақтарын қалыптастыру бойынша нұсқалар мен ұсыныстарды әзірлеу | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, АШМ, ИЖТМ, « Атамекен» ҚҰЭП ( келісім бойынша) | 2012 жылғы IV тоқсан |
| 4. | Қазақстан Республикасының көлік-коммуникациялық желісін перспективалық дамыту бойынша болжамдық нұсқалар мен ұсыныстар әзірлеу | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, ККМ, МГМ, БАМ, «Атамекен» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2012 жылғы IV тоқсан |
| 5. | Қазақстан Республикасы аумағының инженерлік инфрақұрылымын перспективалық дамыту бойынша нұсқалар мен ұсыныстар әзірлеу | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, ККМ, «Атамекен» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2012 жылғы IV тоқсан |
| 6. | Қазақстан Республикасының ірі қалаларын перспективалық дамыту бойынша нұсқалар мен ұсыныстар әзірлеу | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, Қоршағанортамині, ЖРА, облыстардың , Алматы және Астана қалаларының әкімдері | 2012 жылғы IV тоқсан |
| 7. | Қазақстан Республикасының аумағында агломерацияны қалыптастыру және урбанизация мен субурбанизация үдерістерін басқару бойынша нұсқалар мен ұсыныстар әзірлеу | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, ІІМ, ДСМ, БҒМ, Еңбекмині, СА | 2012 жылғы IV тоқсан |
| | | | Қоршағанортамині, АШМ, ТСМ, ТЖМ, МГМ, Қорғанысмині, ЖРА, ҰҒА, ПІБ ( келісім бойынша), | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8. | Қазақстан Республикасы аумағының экологиялық жай-күйін жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері | 2012 жылғы IV тоқсан |
| 2. Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастыру бойынша жобалық шешімдерді әзірлеу | | | | |
| 1. | Экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және саяси даму факторларын ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағында халықты қоныстандыру және өндіргіш күштерді орналастыру бойынша шаралар кешенін әзірлеу үшін ақпарат жинау | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, Қоршағанортамині, Еңбекмині, СІМ, ИЖТМ, МГМ, Қорғанысмині, АШМ, ККМ, ПІБ (келісім бойынша), ЖРА | 2013 жылғы II тоқсан |
| 2. | Қала құрылысы қызметін жүзеге асыру кезінде оларды пайдаланудың басымдықтары мен шектеулерін анықтай отырып, Қазақстан Республикасының аумағын аймаққа бөлу схемаларын жасау үшін ақпарат жинау | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, Қоршағанортамині, Қорғанысмині, ККМ, ИЖТМ, МГМ, АШМ, ПІБ (келісім бойынша), ЖРА | 2013 жылғы II тоқсан |
| 3. | Республикалық және өңіраралық маңызы бар әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумақтарын, айрықша реттеу мен қала құрылысы регламенттеу объектілерін дамытудың схемаларын және жобаларын әзірлеу | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері | 2013 жылғы II тоқсан |
| 4. | Республикалық маңызы бар инженерлік, көліктік, әлеуметтік, туристік және экологиялық инфрақұрылымдарды дамытудың негізгі бағыттарын әзірлеу | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, ИЖТМ, ККМ, Еңбекмині, Қоршағанортамині, АШМ, ПІБ (келісім бойынша), ЖРА, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері | 2013 жылғы II тоқсан |
| 5. | Экологиялық жағдайды жақсарту, жерлерді және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, тарихи-мәдени және табиғи мұра объектілерінің аумақтарын сақтау бойынша шаралар кешені әзірлеу | ҚТҮКШІА-ға ақпарат | ҚТҮКШІА, ЭДСМ, ИЖТМ, ККМ, Қоршағанортамині, АШМ, ТСМ, ММ, ЖРА, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері | 2013 жылғы II тоқсан |
| | | Қазақстан Республикасы | ҚТҮКШІА, Әділетмині, Қаржымині, ЭДСМ | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6. | Бас схеманың негізгі ережелерін әзірлеу | Үкіметінің қаулысы | , ИЖТМ, ККМ, Б А М , Қоршағанортамині, АШМ, ДМ, БҒМ, ТСМ, ІІМ, ЖРА | 2013 жылғы ІІІ тоқсан |
| 7. | Бас схеманы келісу және бекіту | ҚТҮКШІА бұйрығы | ҚТҮКШІА | 2013 жылғы IV тоқсан |

**Аббревиатуралардың толық жазылуы:**

СІМ – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі
Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Қоршағанортамині – Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
ТСМ – Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
МГМ – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі
Қорғанысмині – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ММ – Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
БАМ – Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
БҚА – Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік)
СА – Қазақстан Республикасы Статистика Агенттігі
ЖРА – Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі
ҚТҮКШІА – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі
ҰҒА – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі
ПІБ – Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы
ҚСЗИ – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты
ЭЗИ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің Экономикалық зерттеулер институты
«Атамекен» ҚҰЭП – «Атамекен» Одағы» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы» заңды тұлғалар бірлестігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК